

## "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асyrу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 4 мамыр N 706

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы Жарлығына U973483\_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері, министрліктердің және мемлекеттік комитеттердің басшылары "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру жөніндегі бұдан былайғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін:

З күн мерзім ішінде тарату комиссиясын құрсын;  
таратылатын және қайта ұйымдастырылатын орталық атқарушы органдар аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың істері мен мұлкін қабылдау-өткізуіді зандарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін, олардың қалыпты жұмыс істеуі, қаржыландырылуы мен материалдық-техникалық қамсыздандырылуы, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне тиісті жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыны іске асyrу жөнінде өзге ұйымдастыру-құқықтық шараларын қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері республикалық және жергілікті бюджеттерді нақтылау туралы қажетті шаралар қабылдасын және ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың зандарын Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстарын тарату туралы қабылданған шешімге сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

4. Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстары әкімдерінің аппараттарында тарату ісін жүргізу үшін 1-3-қосымшаларға сәйкес құрамда тарату комиссиялары құрылсын.

5. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің орынбасары Н.В.Радостовецке, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары К.М.Отаровқа және Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет

министрінің орынбасары Р.Қ.Тоқсейітовке Жезқазған, Көкшетау және Семей облыстарын тарату туралы шешімдерді орындау үшін құрылған ведомстволық тарату комиссияларының жұмысын

үйлестіру өкілеттігі берілсін.

6. Тарату комиссиясы (Н.В.Радостовец, К.М.Отаров, Р.Қ.Тоқсейітов) 1997 жылдың 4 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы баяндасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 4 мамырдағы

N 107 қаулысына

1-қосымша

Жезқазған облысы әкімінің аппаратын тарату ісін

жүзеге асыру жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

Радостовец Н.В. - Қазақстан Республикасы Экономика және  
сауда министрінің орынбасары, төраға

Дмитриев О.В. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі  
Кеңсесінің Аймақтардың жұмысын үйлестіру  
бөлімінің бас инспекторы

Молдахметов Н.С. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің  
орынбасары

Мусалимов И.Г. - Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда  
министрлігі Өнеркәсіп департаментінің  
директоры

Сатпаев С.Қ. - Жезқазған облысы әкімінің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 мамырдағы  
N 107 қаулысына  
2-қосымша

Көкшетау облысы әкімінің аппаратын тарату ісін жүзеге  
асыру жөніндегі комиссияның  
**ҚҰРАМЫ**

Отаров К.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрінің орынбасары, төраға

Әділбеков Д.З. - Көкшетау облысы әкімінің бірінші орынбасары

Жәрменов Б.Б. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда  
министрлігі Аймақтық саясат және әлеуметтік  
сала департаменті директорының міндетін  
атқарушы

Қалиев Қ.Қ. - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші  
орынбасары

Самусев Ю.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі  
Кенесінің Аймақтардың жұмысын үйлестіру  
бөлімінің бас инспекторы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 мамырдағы  
N 107 қаулысына  
3-қосымша

Семей облысы әкімінің аппаратын тарату ісін жүзеге  
асыру жөніндегі комиссияның  
**ҚҰРАМЫ**

Тоқсейітов Р.К. - Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет

министрінің орынбасары, төраға

Бергенов А.С. - Семей облысы әкімінің міндетін атқарушы

Быстров А.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі  
Кеңсесінің Аймақтардың жұмысын үйлестіру  
бөлімінің бас инспекторы

Елубаев Ж.С. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің  
орынбасары

Сизов А.П. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің жер ресурстарын басқару  
жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары

Сухорукова В.Н. - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші  
орынбасары